2021 жылдың 31 желтоқсанына және 2020 жылдың 31 желтоқсанына Қордың акционерлік капиталы 106,050 мың теңгені құрады. 106,050 данада жай акция жарияланды және орналастырылды (бір данасының номиналды құны 1,000 теңге).

2021 жылдың 31 желтоқсаны және 2020 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына Қордың Акционерлік капиталы құрылған және толығымен төленген.

2021 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына Қор жұмыскерлерінің жалпы нақты саны 826 адамды құрады (2020 жылдың 31 желтоқсанына - 825 адам).

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

### 2.1 Сәйкестік туралы есеп

Жалпы мақсаттағы осы қаржылық есептілік «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығы (бұдан былай – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығы) нысанында Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (ХҚЕС жөніндегі Кеңес) бекіткен мазмұндамада Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан былай – ХҚЕС) сәйкес дайындалған.

2021 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін Қордың қаржылық есептілігі 2022 жылдың 13 маусымында Қор басшылығымен мақұлданған.

### 2.2 Қызмет үздіксіздігінің қағидаты

Осы қаржылық есептілік Қор қызметтің үздіксіздік қағидатын ұстанады деген болжамды және қазіргі уақытта Қор қызмет етуін және болашақта да қызметін жалғастыратындығын ескерумен дайындалған.

### 2.3 Есептеу қағидаты

Бұл қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес жасалған. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ төлем мерзіміне тәуелсіз олардың аяқталу дерегі бойынша оқиғаларын тану арқылы қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар қатысты кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі.

IBD QAZAQSTAN
Для отчётов



### 2.4 Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге болып табылады. Теңге Қордың функционалдық валютасы болып табылады, өйткені ол Қорда болып жатқан оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық мәнін көрсетеді. Теңге сондай-ақ осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады.

Қордың қаржылық есептілігі баптарының және оған ескертпелердің барлық сомалары теңгемен берілген, егер басқасы көрсетілмесе, мың теңгеге дейін дөңгелектенген.

Шетел валютасында көрсетілген қаржылық есептіліктің баптарын қайта есептеу үшін, сондай-ақ валюталық операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету үшін Қор Қазақстан Республикасында белгіленген ресми валюта айырбастау бағамдарын пайдаланады.

### 2.5 Маңызды бағалаулар мен ұйғарулар

Қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есептілікте көрсетілген активтер және міндеттемелер сомаларына қатысты бағалау және ұйғаруды дайындауынан және қаржылық есептілікті құрастыру күніне шартты активтер мен міндеттемелер және есептілікте көрсетілген есепті кезеңге пайда мен залалдар сомалары туралы ақпаратты ашуды қарастырады. Бағалау мен ұйғаруға қатысты белгісіздік болашақта оларға қатысты осындай ұйғару және бағалау жасалатын активтің немесе міндеттеменің ағымдағы құнына маңызды түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Ең маңызды бағалаулар төменде келтірілген:

*Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімдері*
Қор әрбір есепті кезеңнің соңында негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдерін қарастырады. Активті пайдалы қолдану мерзімін бағалау экономикалық қолдану, жөндеу және қызмет көрсету бойынша бағдарламалар, технологиялық жақсартулар және басқа да іскерлік жағдайларға тәуелді. Басшылықты негізгі құралдарды пайдалы қолдану мерзімдерін бағалауы осы қаржылық есептілік күніне бар тиісті ақпаратты көрсетеді.

Есеп беру күні жағдайына Қор басшылығы негізгі құралдардың қызмет ету мерзімдері есеп саясатының талаптарын ескере отырып, сенімді бағаланды деп саналады.

*Дебиторлық берешек және ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв.*
Басшылықтың дебиторлық берешек және ақша қаражаты мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді анықтауы басшылықтан Қордың осы активтерді сату мүмкіндігін ең жақсы бағалауға негізделген ұйғарымды жасауды талап етеді. Есепті күннен кейін экономикалық ахуалдың немесе басқа ұқсас жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде басшылық осы қаржылық есептілікті жасау кезінде жасалған қорытындылардан өзгеше болуы мүмкін қорытындылар жасай алады.

*Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер*
Әрбір есепті күнге Қор жыл аяғындағы пайдаланылмаған демалыс күндерінің санын орташа күндік жалақыға көбейту негізінде пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв сомасын бағалайды. Егер демалыстар алдыңғы бағалаудан өзгеше болса, өзгертулер ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгертулер және қателіктер» сәйкес есепті бағалаудағы өзгертулер ретінде есепке алынады. Осы бағалаулар пайдаланылмаған демалыстар бойынша міндеттеменің ағымдағы құнына және жалпы кіріс туралы есепте көрсетілген резервті есептеу бойынша шығындарға елеулі әсер етуі мүмкін.

IBDO
QAZAQSTAN
Для
отчётов



*Салық салу*

Әртүрлі қазақстандық заңнама актілері мен нормалары әрқашан айқын жазылмаған. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары арасында пікірлердің алшақтығы жағдайлары болуы мүмкін. Бұл ретте салық органдары қосымша салықтарды үстеме есептеген жағдайда айыппұлдар мен өсімақылардың қолданыстағы мөлшерлері елеулі мөлшерде белгіленген. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімақылар үстеме есептелген салықтардың сомасынан асуы мүмкін. Жоғарыда талқыланған белгісіздіктерге байланысты, егер мұндай үстеме есептеулер туындаса, салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімақылардың әлеуетті сомасы қазіргі уақытта шығындарға жатқызылған және есепті күн жағдайына есептелген сомадан асуы мүмкін. Бағалау және нақты төленген сомалар арасындағы айырмалар, егер мұндай туындаса, болашақтағы операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

### 2.6 Ұсыну реті

Қаржылық есептілікте баптарды ұсыну және жіктеу бір кезеңнен келесі кезеңге дейін сақталады. Қаржылық есептілікті ұсынуды елеулі қайта қарастыру қаржылық есептілікті ұсынуға өзгертулерді енгізу қажеттілігін болжауы мүмкін. Қор егер өзгертілген ұсыну нысаны қаржылық есептілік пайдаланушылары үшін сенімді және маңызды ақпаратты беретін болса және қайта қарастырылған құрылым сақталатын болса және ақпараттардың салыстырмалығы зардап шекпесе, ұсынылған қаржылық есептілікке өзгертулерді енгізеді.

### 2.7 Өзара есепке алу

Қор бұл қандай да бір стандартпен рұқсат етілген немесе талап етілген жағдайларды қоспағанда, активтердің және міндеттемелердің, кірістерді және шығыстардың өзара есепке алынуын жүргізбейді.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері

### 3.1 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгертулер

Төменде берілген жаңа немесе қайта қарастырылған стандарттар және IFRIC түсіндірмесі 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қор үшін қолдануға міндетті болды және Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпеді:

- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» түзетулер – COVID-19 байланысты жалдау бойынша шегінулер;
- ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулер – Негізгі пайыздық мөлшерлеме реформасы (IBOR).

2021 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енетін жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер және түсіндірмелер арасында Қордың есеп саясатына немесе қаржылық есептілікте ақпаратты ұсынуға немесе операциялар мен қалдықтарды бағалауға елеулі әсер етуі мүмкіндігі жоқ.

**2021 жылдың 1 қаңтарына басталатын жылдық есепті кезең үшін күшіне енбеген жаңа ХҚЕС, ХҚЕС түзетулер және түсіндірмелер:**

- ХҚЕС (IFRS) 17 және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» түзетулер;
- ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру», ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» және ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» қолданудың шектеулі саласын түзетулер;
- ХҚЕС жыл сайын жетілдірулер, цикл 2018-2020 жылдар;

BDO QAZAQSTAN
Для отчётов



- ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ХҚЕС 2 қолдану тәжірибесі туралы Ережеге және ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгертулер және қателіктер» түзетулер.

- ХҚЕС (IFRS) 4 түзетулер – «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану (соның ішінде ХҚЕС (IFRS) 4 түзетулер – 2020 жылдың маусымында шығарылған «ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босату әрекетінің мерзімін ұзарту»).

Түзетулер ХҚЕС (IFRS) 4 қолданылу саласына қатысты шарттарды шығаратын ұйымдар үшін екі балама мүмкіндікті қарастырады, атап айтқанда уақытша босату және салу әдісі. Уақытша босату белгілі бір критерийлерді қанағаттандыратын ұйымдарға ХҚЕС (IFRS) 17 күшіне ену күніне дейін, яғни 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін ХҚЕС (IFRS) 9 енгізу күнін кейінге қалдыруға рұқсат етеді.

Салу әдісі 2018 жылдан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолданатын ұйымдарға ХҚЕС (IFRS) 17 қолдануды бастауға дейін ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану нәтижесінде туындауы мүмкін кейбір есеп сәйкессіздіктерін пайда немесе шығын құрамынан алып тастауға рұқсат береді.

2020 жылдың маусымында ХҚЕСҚ жөніндегі Кеңес ұйымдарға ХҚЕС (IFRS) 17 енгізуге ықпал жасайтын ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулерді шығарды. Сонымен қатар осы түзетулер ХҚЕС (IFRS) 17 күшіне ену күнін 2023 жылдың 1 қаңтарына ауыстыруды қарастырады.

ХҚЕСҚ жөніндегі Кеңес сонымен қатар ХҚЕС (IFRS) 4 – «ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босату әрекетінің мерзімін ұзарту» түзетулерді шығарды, нәтижесінде ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босатудың әрекет ету мерзімі мен ХҚЕС (IFRS) 17 күшіне ену күні арасында келісімді қамтамасыз ету үшін ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босату 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін әрекет етеді:

- Уақытша босатуды қолданатын ұйымдар үшін салыстырмалы кезеңдер үшін де, ағымдағы кезең үшін де ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» негізінде ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қолданылады. Бұл ретте ХҚЕС (IFRS) 4 39B тармағы талап ететіндей, пайдаланушыларға уақытша босатуды қолданатын сақтандырушыларды ХҚЕС (IFRS) 9 қолданатын ұйымдармен салыстыруға мүмкіндік беретін белгілі бір ақпарат ашылады.

- ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босатуды қолданатын Сақтандырушы пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде ұйымның қарастыруы бойынша анықталған қаржылық міндеттемелер бойынша ұйымның меншікті кредиттік тәуекелінің өзгерісімен негізделген пайда мен залалдың басқа жалпы кірісі құрамында ұсынуға қатысты ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарын ғана қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы. Егер сақтандырушы осы талаптарды қолдануға шешім қабылдаса, ол ХҚЕС (IFRS) 7 сәйкес тиісті ақпаратты

BDO QAZAQSTAN
Для отчетов



| | |
|---|---|
| | ашуы тиіс. |
| • ХҚЕС (IAS) 37 – «Ауыртпалық шарттары: шартты орындау шығындары» түзетулер | 2022 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. |
| • ХҚЕС (IAS) 16 – «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша қолдануға дейін түсімдер» түзетулер | 2022 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. |
| • ХҚЕС (2018-2020 жж. циклі) жыл сайынғы жетілдіру: ХҚЕС (IFRS) 1 «ХҚЕС бірінші қолдану» түзету – ХҚЕС бірінші рет қолданатын еншілес ұйым | 2022 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. |
| • ХҚЕС (2018-2020 жж. циклі) жыл сайынғы жетілдіру: қаржылық міндеттемелерді мойындауды тоқтату үшін ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» – «тест 10%» жүргізген кездегі комиссиялық сыйақы» түзетулер | 2022 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. |
| • ХҚЕС (2018-2020 жж. циклі) жыл сайын жетілдіру: ХҚЕС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» түзету – әділ құнын бағалау кезінде салық салу | 2022 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Болашақта қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. |

Қор шығарылған, бірақ 2021 жылдың 1 қаңтарында күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Қор бұл стандарттарды олар күшіне енген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр. Қор қазіргі уақытта осы стандарттар, түзетулер мен түсіндірулердің оның қаржылық жағдайы мен қаржылық есептілігіне әсерін бағалауда.

### 3.2 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегерумен бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың бастапқы құнына сатып алу құны, соның ішінде импорттық баж салығы мен өтелмейтін салықтар, ұзақ мерзімді жобалар құрылысына тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындар, егер олар тану талаптарына сәйкес келсе, сонымен қатар активті жұмыс күйіне келтіруге және оны мақсатты қолдану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындар кіреді.

Өзіндік құн бойынша есепке алынатын негізгі құралдардың амортизациясы төменде көрсетілгендей олардың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде түзу сызықты әдіспен есептеледі:

| **Негізгі құралдар санаты** | **Пайдалы қолдану мерзімі** |
|---|---|
| Компьютерлер және кеңсе жабдығы | 3-10 жыл |
| Көлік құралдары | 7-10 жыл |
| Басқа | 7-15 жыл |

Активтің тарату құны Қор қазіргі сәтте активтің жасы және оның техникалық күйі оны пайдалы қолдану мерзімінің соңында күтілетінге сәйкес келеді деген болжамды ескере отырып, сатуға есептік шығындарды шегерумен активті сатудан ала алатын күтілетін сомадан тұрады. Активтің

тарату құны, егер Қор объектіні оның физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін қолдануды болжаса, нөлге тең болады.

Негізгі құралдарды амортизациялау әдістері, күтілетін пайдалы қолдану мерзімі және тарату құны талданады және қажет болған жағдайда, әрбір есепті күніне түзетіледі.

Өзіндік құны бойынша есепке алынатын негізгі құралдар сатылған немесе жойылған кезде олардың құны мен жинақталған тозуы тиісті шоттардан алынып тасталады, ал олардың шығуынан туындаған кез келген пайда немесе залал кезеңнің пайдасына немесе залалына қосылады.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындары сияқты негізгі құралдарды пайдалануға енгізгеннен кейін туындаған шығындар әдетте шығындар туындаған кезеңдегі шығыстарға жатады. Негізгі құралдарды оның бастапқы бағаланатын көрсеткіштерінен жоғары қолданудан күтілетін болашақтағы экономикалық пайданың артуына алып келетін шығындар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады.

### 3.3 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдарды шегерумен бастапқы құны бойынша есепке алынады. Материалдық емес активтердің амортизациясы актив қолдануға дайын болған сәттен басталады және төменде көрсетілгендей пайдалы қызметтің есептік мерзімі ішінде түзу сызықты әдіспен есептеледі:

| Материалдық емес активтер саны | Пайдалы қолдану мерзімі |
|---|---|
| Лицензиялар және бағдарламалық жасақтама | 2-7 жыл |

Пайдалы қызметтің болжамды мерзімдері, тарату құны және амортизацияны есептеу әдісі әрбір жылдың соңында талданады және қажет болған кезде түзетіледі.

### 3.4 Қаржылық емес ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Қор әрбір есепті күнге негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және басқа да ұзақ мерзімді активтердің (бұдан әрі – «ұзақ мерзімді активтер») баланстық құнының құнсыздану индикаторларын тексереді. Мұндай белгілерді анықтаған кезде құнсызданудан шығын мөлшерін анықтау мақсатында тиісті ұзақ мерзімді активтің өтелетін құны есептеледі (егер ондай бар болса). Өтелетін құны екі мәннің ең жоғарғысы ретінде анықталады: сатуға шығындарды шегерумен активтің әділ құны және қолдану құны. Қолдану құнын бағалау кезінде күтілетін болашақ ақша ағындары салық салуға дейін басшылықтың пікірі бойынша осы активке тән ақшаның уақытша құнын және тәуекелдерді ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін дисконттау мөлшерлемесін қолданумен ағымдағы құнға дейін дисконтталады.

Егер активтің өтелетін құны оның баланстық құнынан аз болса, сол активтің баланстық құны оның өтелетін құнына дейін азаяды. Құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залалда көрсетіледі. Құнсызданудан болған залал кейіннен қалпына келтірілетін жағдайларда, активтің баланстық құны егер осы актив бойынша алдыңғы жылдарға құнсызданудан шығын көрсетілмесе, анықталған баланстық құннан аспайтындай түрде оның өтелетін құнын жаңа бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін ұлғайтылады. Құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру бірден пайдада және шығындарда көрсетіледі.

### 3.5 Жалдау

*Қор жалдаушы ретінде*

Шартты жасау кезінде Қор тұтастай алғанда шарттың немесе оның жекелеген құрамдас бөліктерінің жалдау шарты болып табылатынын бағалайды. Егер осы шарт бойынша белгілі бір кезең ішінде сәйкестендірілген активті қолдануды бақылау құқығы өтеуге алмастыруға берілсе, шарт жалпы немесе оның жеке құраушылары жалдау шарты болып табылады. Қор қысқа мерзімді

BDO QAZAQSTAN Для отчётов



жалдау және құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, жалдаудың барлық түрлерін мойындау және бағалаудың бірыңғай тәсілін қолданады. Жалдауды бастау күніне Қор жалдау бойынша міндеттемені және қолдану құқығы нысанында активті мойындайды.

***Қолдану құқығы нысандағы активтер***

Жалдауды бастау күніне Қор құнсызданудан жинақталған тозуды және жинақталған шығындарды шегерумен және жалдау шартын түрлендіру нәтижесінде жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалауға түзетумен бастапқы құны бойынша модельді қолданумен қолдану құқығы нысанында активтерді бағалайды. Қолдану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны келесіден тұрады:

- жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау шамасы;
- жалдауды бастау күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегерумен мұндай күнге дейін жалдау төлемдері;
- жалға алушы шеккен кез келген бастапқы тікелей шығындар; және
- мұндай шығындар қорлар өндірісіне келген жағдайларды қоспағанда, бөлшектеу және негізгі активті жылжыту, ол орналасқан телімді қалпына келтіру немесе жалдау талаптарына сәйкес талап етілетін күйге дейін негізгі активті қалпына келтіру кезінде жалға алушы шегетін шығындарды бағалау. Осындай шығындарға қатысты жалға алушының міндеттемесі жалдауды бастау күніне немесе белгілі бір кезең ішінде негізгі активті қолдану салдарынан туындайды.

Қолдану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу түзу сызықты әдісті қолданумен есептеледі. Егер жалдау шарты жалдау мерзімі аяқталғанға дейін негізгі активке меншік құқығын жалға берушіге берсе немесе егер қолдану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны жалға алушының сатып алуға опционды орындау ниетін көрсетсе, онда қолдану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу жалдауды бастау күнінен бастап негізгі активті пайдалы қолдану мерзімі аяқталғанға дейін есептеледі. Кері жағдайда қолдану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу жалдауды бастау күнінен бастап келесі күндердің ең ертесіне дейін есептеледі: қолдану құқығы нысанындағы активті пайдалы қолдану мерзімінің аяқталу күні немесе жалдау мерзімінің аяқталу күні. қолдану құқығы нысанындағы активтер де құнсызданады.

***Жалдау бойынша міндеттемелер***

Жалдауды бастау күніне Қор осы күнге жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша жалдау міндеттемесін бағалайды. Қор жалдау шартында берілген пайыздық мөлшерлемені немесе жалдау шарты бойынша мөлшерлемені анықтауда қиындықтар туындаған жағдайда қосымша қарыз құралдарын тарту мөлшерлемесін қолданумен жалдау төлемдерін дисконттайды.

Жалдауды бастау күнінен кейін Қор келесі түрде жалдау бойынша міндеттемені бағалайды:

- жалдау міндеттемесі бойынша пайыздарды көрсету үшін баланстық құнын арттыра;
- жүргізілген жалдау төлемдерін көрсету үшін баланстық құнын азайта; және
- жалдау шарттарын қайта бағалауды немесе өзгертуді көрсету үшін баланстық құнын қайта бағалауды.

### 3.6 Қаржылық құралдар

Қор ол құрал бойынша шарттық ережелердің бөлігі болған кезде ғана қаржылық жағдай туралы есептегі қаржылық активтерді және міндеттемелерді мойындайды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер мәмілені орындау күніне есепке алуда мойындалады.

***Қаржылық активтерді есепке алу***

Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе оған қатысты тәжірибелік сипаттағы жеңілдету қолданылатын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Қор мәміле бойынша шығындар сомасы пайда немесе залал арқылы әділ емес құны бойынша бағаланған қаржылық активтер

BDO QAZAQSTAN Для отчетов



жағдайда артқан әділ құны бойынша қаржылық активтерді бастапқыда бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе оған қатысты Қор тәжірибелік сипаттағы жеңілдетуді қолданатын сауда дебиторлық берешек ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес анықталған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес борыштық қаржылық активтер бастапқы мойындау кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша (ПЗАӘҚ), амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиын кіріс арқылы әділ құны (БЖКАӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Жіктеу екі критерийге: Қормен қаржылық активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-үлгісіне және шартта қарастырылған қаржылық құрал бойынша ақша ағындары «негізгі борыш сомасы шотына төлемдер және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар» болып табылатындығына тәуелді.

Қордың бизнес-үлгісін бағалау бастапқы қолдану күніне жүзеге асырылады. Шартта қарастырылған борыштық құралдар бойынша ақша ағындары борыштың және пайыздардың негізгі сомасы шотына төлемдер болып табылатындығын талдау осы активтерді бастапқы тану сәтінде бар деректер мен жағдайлардың негізінде жүзеге асырылады.

Егер қаржылық активтер мақсаты борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың шотына төлемдер болып табылатын шартта қарастырылған ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-үлгінің шеңберінде ұсталса, борыштық құралдар амортизациялау құны бойынша бағаланады.

Қор осы санатқа сауда дебиторлық берешекті қосады.

Қорда ПЗАӘҚ және БЖКАӘҚ бойынша ескерілетін қаржылық активтер жоқ.

***Қаржылық құралдардың амортизацияланған құны***

Амортизацияланған құн құнсыздану резервін шегергендегі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептеледі. Есептеу сатып алу кезінде туындаған сыйлықақылар мен дисконтты қамтиды, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлеменің құрамдас бөлігі болып табылатын мәміле бойынша шығындардан және сыйақыдан тұрады.

***Қаржы активтерінің құнсыздануы***

ХҚЕС (IFRS) 9 Қордан пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындардың бағалау резервін көрсетуін талап етеді.

Күтілетін кредиттік шығындар шартқа сәйкес және Қор бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның жуықталған мәнін қолданумен дисконттаумен алуды күтетін барлық ақша ағындарына сәйкес тиесілі ақша ағындары арасындағы айырма негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындары ұсталатын қамсыздандыруды сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны арттырудың басқа механизмдерден ақша ағындарынан тұрады.

Күтілетін кредиттік шығындар екі кезеңде танылады. Оларды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі артпаған қаржылық құралдар жағдайында келесі 12 ай ішінде ықтимал дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығындарға қатысты шығындардың бағалау резерві жасалады (12 айлық күтілетін кредиттік шығындар). Бастапқы мойындау сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі артқан қаржылық құралдар үшін дефолттың орын алу мерзімдеріне тәуелсіз осы қаржылық құрал әрекетінің қалған мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындарға қатысты шығындардың бағалау резерві жасалады (бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік шығындар).

Сауда дебиторлық берешекке қатысты Қор күтілетін кредиттік шығындарды есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Сәйкесінше, Қор кредиттік тәуекелдің өзгеруін бақыламайды, оның орнына әрбір есептік күнге бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада шығындардың бағалау резервін мойындайды. Қор қарызгерлер және жалпы экономикалық

BDO QAZAQSTAN Для отчётов



жағдайлар үшін тән болжамды факторларды ескерумен түзетілген кредиттік шығындардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын қолданады.

***Қаржылық міндеттемелер***

Қор ХҚЕС (IFRS) 9 әрекетінің саласындағы өзінің қаржылық міндеттемелерін келесідей жіктейді:

- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- қарыздар мен кредиторлық берешек.

Қордың қаржылық міндеттемелері қарыздар және кредиторлық берешек ретінде жіктеледі және сауда кредиторлық берешекпен және жалдау міндеттемелерімен көрсетілген. Бастапқы мойындағаннан кейін қарыздар мен кредиторлық берешек пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді мойындау тоқтатылған немесе олардың құнсыздануы мойындаған кезде, сонымен қатар амортизация барсында пайдада немесе шығында мойындалады.

***Қаржылық активтерді және міндеттемелерді мойындауды тоқтату***

Қаржылық актив келесі жағдайда ескерілуін тоқтатады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі өткен;
- Қор активтен ақша ағындарын алу құқығын сақтайды, бірақ өзіне үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз оларды толығымен беру міндеттемесін қабылдады;
- Қор өзінің активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе барлық елеулі тәуекелдерді және активтен сыйақыны берді немесе бермеді, бірақ және барлық елеулі тәуекелдерді және активтен сыйақыны сақтамады, бірақ осы активтерді бақылауды берді.

Қаржылық міндеттемені мойындау егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе мерзімі өткен кезде тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме сол кредиторлардың алдында өзге талаптарда басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары елеулі түрде өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені мойындауды тоқтату және жаңа міндеттемені мойындауды бастау ретінде ескеріледі. Баланстық құндағы айырма пайда мен залалда мойындалады.

***Ақша қаражаты***

Ақша қаражаты және олардың баламалары Қордың банктік және қазынашылық шоттарындағы қаражаттан, сондай-ақ үш айдан аспайтын бастапқы өтеу мерзімімен шұғыл банктік салымдардан тұрады. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті ұсыну мақсаты үшін ақша қаражаты және олардың баламалары жоғарыда аталған құраушылардан тұрады. Банктік шоттардағы ақша ақша қаражатының белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құн өзгерісінің елеусіз тәуекеліне бейім қысқа мерзімді инвестициялардан тұрады.

***Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу***

Қордың қаржылық активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және егер бұл үшін заңды негіздеме және тараптардың өзара есепке алу немесе активті іске асыру және бір уақытта міндеттемені орындау арқылы берешекті реттеу ниеті болса, таза негізде қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

### 3.7 Әділ құны бойынша бағалау

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе олардың әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржылық құралдар және қаржылық емес активтер туралы ақпаратты ашу 24-ескертпеде берілген.

Әділ құны активті сату үшін алынған немесе бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі операция шеңберінде міндеттемені беру үшін төленген баға болып табылады. Әділ құны бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операциялар келесі жағдайларда болады деп болжайды:

- немесе осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;

- немесе негізгі нарық болмаған кезде осы актив немесе міндеттеме үшін ең тиімді нарықта.

Қордың негізгі немесе ең тиімді нарыққа шығу мүмкіндігі болуы керек.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде нарық қатысушылары қолданылуы мүмкін ұйғаруды қолданумен бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өз мүддесінде әрекет етеді деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының ең жақсы және ең тиімді түрде активті қолдану арқылы немесе осы активті ең үздік және ең тиімді түрде қолданатын нарықтың басқа қатысушысына оны сату нәтижесінде экономикалық пайданы алуын есепке алады.

Қор орын алған жағдайлар үшін жарамды болып табылатын және олар үшін әділ құны бойынша бағалау үшін жеткілікті деректер қол жетімді бағалау модельдерін қолданады, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректер максималды қолданылады және бақыланбайтын бастапқы деректер минималды қолданылады.

Әділ құны бойынша қаржылық есептілікте бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құнының көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - Бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықта бағаларды нарықтық белгілеу (ешқандай түзетулерсіз);

- 2-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі иерархияға қатысты бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау үлгілері;

- 3-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі иерархияға қатысты бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау үлгілері.

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Қор әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отыра (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында оларды аудару қажеттілігін анықтайды.
Әділ құны туралы ақпаратты ашу мақсатында Қор активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, олардың сипаттамалары және тәуекелдер, сонымен қатар жоғарыда көрсетілгендей әділ құны көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

### 3.8 Шетелдік валютаны қайта есептеу

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде функционалдық валютадан басқа (шетелдік валютада) валютадағы операциялар мәміле жасалған күнгі валюта бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютадағы ақшалай баптар қаржылық есептілікті құрастыру күніне тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген және әділ құн бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнын анықтау күніне әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындайтын ақша баптары бойынша бағамдық айырмашылықтар олар орын алған кезеңдегі пайда немесе залалда көрсетіледі.

### 3.9 Қорлар

Қорлар орташа өлшенген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Қор қорларды ең төмен өзіндік құны және ықтимал таза сату құны бойынша бағалайды. Ықтимал сатудың таза құны толықтыруға барлық болжамды шығындарды және сату шығындарын шегерумен қорларды сатудың есептік бағасынан тұрады.

Қорлардың өзіндік қоры барлық нақты сатып алу шығындарынан және қорларды олардың ағымдағы күйіне және олардың ағымдағы орналасқан орнына жеткізу мақсатында жүргізілген басқа да шығындардан тұрады.

### 3.10 Жалақы бойынша шығындар, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, МӘМС аударымдар мен жарналар

Жалақы бойынша шығындар, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) аударымдар мен жарналар, ақылы жыл сайынғы демалыстар, уақытша еңбекке қабілетсіз бойынша жәрдемақылар және сыйлықақылар тиісті қызметтерді Қор қызметкерлері көрсететін жыл үшін есептеледі.

Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың жалпы мөлшері Қор қызметкерлерінің салық салынатын табысының 9,5% құрайды.

Қор қызметкерлердің салық салынатын табысынан 2% мөлшерінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) аударымдарды жасайды.

Қор Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналары ретінде өз қызметкерлерінің жалақысының 10%-ын ұстайды. Заңнамаға сәйкес міндетті зейнетақы жарналары қызметкерлердің міндеті болып табылады және Қордың қызметкерлер зейнеткерлікке шыққаннан кейін оларды төлеу бойынша ағымдағы немесе болашақ міндеттемесі жоқ.

### 3.11 Табыс салығы

***Ағымда корпоративтік табыс салығы***

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелері салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы – бұл Қор өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алынатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

***Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы***

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың ағымдағы құны арасында есепті күнге уақыт айырмаларын анықтау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақыт айырмасы бойынша мойындалады. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмасы, қолданылмаған салық жеңілдіктері және қолданылмаған салық шығындары бойынша есептелетін уақыт айырмасы, қолданылмаған салық жеңілдіктері және қолданылмаған салық шығындары қарсы есепке алынған салық салынатын пайданың болуының елеулі ықтималдығы бар дәрежеде мойындалады.

BDO QAZAQSTAN
Для отчетов



Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері Қордың уақыт айырмасын қалпына келтіру мерзімін бақылау ықтималдығы бар және осы айырманың болашақта қалпына келтірілмейтіндігінің ықтималдығы жоғары болған жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, қауымдас кәсіпорындарға, сонымен қатар бірлескен қызметке қатысты салық салынатын уақыт айырмаларын ескерумен көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтердің ағымдағы құны әрбір есепті күнде қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бөлігін қолдануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу ықтималдығы төмен ретінде бағаланатын дәрежеде төмендейді. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша мойындалмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қарастырылады және болашақта салық салынатын пайда кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтерді қолдануға мүмкіндік беретіндігінің елеулі ықтималдығы туындайтын дәрежеде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге заңнамамен бекітілген және салық активін іске асыру немесе міндеттемені өтеу кезеңінде әрекет ететін салық салу мөлшерлемелерін қолданумен (сонымен қатар салық заңнамасының ережелерін) есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңды бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар бір компания- салық төлеушіге және салық органына жататын болса, бір-біріне қарсы есептеледі.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар, егер салық пайда немесе залалдан тыс танылған баптарға жататын болса, пайдадан немесе залалдан тыс танылуға жатады. Сәйкесінше, мойындалған баптарға жататын ағымдағы және кейінге қалдырылған салық:

а) басқа жиынтық кірісте, басқа жиынтық кірісте танылуы тиіс;

б) тікелей меншікті капиталда, тікелей меншікті капиталда танылуы тиіс.

***Белгісіз салық позициялары***
Қордың белгісіз салық позицияларын басшылық әрбір есепті кезеңнің соңында бағалайды. Табыс салығы бойынша позицияларға қатысты көрсететін міндеттемелер басшылық, егер Қордың салық позициясы салық органдарымен дауланса, қосымша салық міндеттемелерінің пайда болу ықтималдығы олардың болмау ықтималдығынан жоғары деп санаған жағдайларда ескеріледі.

Мұндай бағалау салық заңнамасын, қолданыстағы немесе есепті кезеңнің аяғында әрекет ететін салық заңнамасын, сонымен қатар соттың кез келген белгілі қаулыларын немесе ұқсас мәселелер бойынша өзге шешімдерді тұжырымдау негізінде жүргізіледі. Айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың Есепті кезеңнің аяғында міндеттемелерді реттеу үшін қажет шығындарды бағалау негізінде көрсетіледі.

### 3.12 Резервтер

Резервтер өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған, өтеу керек, мұндай міндеттемелердің мөлшері жеткілікті дәлділік дәрежесімен бағалануы мүмкін ағымдағы міндеттемелер (заңды немесе тәжірибеден шығатын) Қорда болған кезде есепке алынады.

Есепте көрсетілетін алдағы шығындар резервінің шамасы осы міндеттемелер үшін тән тәуекелдерді және белгісіздікті есепке алумен есепті күнге анықталған міндеттемелерді өтеу үшін қажет соманың ең үздік бағалауынан тұрады. Егер алдағы шығындар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжамды ақша ағындарының негізінде есептелсе, онда алдағы шығындардың резерві мұндай ақша ағындарының дисконтталатын құны ретінде анықталады (егер ақша құнының уақытқа әсер елеулі болып табылса).

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажет төлемдер үшінші тараппен ішінара немесе толығымен өтелсе, тиісті дебиторлық берешек өтемнің алынатындығына және осы дебиторлық берешектің

сомасын сенімді бағалау үшін ықтималдық бар екендігіне толық сенімділік болса, актив ретінде көрсетіледі.

### 3.13 Түсім

Қор сатып алушыларға уәде етілген жұмыстарды, қызметтерді немесе тауарларды беруді көрсету үшін кірісті Қор осы жұмыстарға, қызметтерге немесе тауарларға айырбас ретінде алуға құқығы бар деп күтетін сыйақы мөлшерінде таниды.

Қор кірісті тану кезінде ХҚЕС (IFRS) 15 талаптарына сәйкес бес қадамды орындауды қарастыратын үлгіні қолданады:

- Сатып алушымен жасалған шартты сәйкестендіру;
- Шарт шеңберінде орындалатын міндеттемелерді сәйкестендіру;
- Мәміле бағасын анықтау;
- Шарт шеңберінде орындалатын міндеттемелерге мәміле бағасын бөлу;
- Шарт шеңберінде орындалуға тиісті міндеттемені орындау сәтінде (немесе орындалуына қарай) түсімді тану.

Қордың қызметі «ТМККК» және «МӘМС» жүйелеріне әкімшілік ету қызметтерін көрсетуге байланысты. Қордың «ТМККК» және «МӘМС» жүйелеріне әкімшілік ету барысында алған және қолданылған қаражаты Қордың қаржылық есептілігінде жеке ескеріледі.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім қызметтерді бақылау сатып алушыға берілген және Қор орындалған жұмыстарға және қызметтерге айырбастауды алуды күтетін құқықты, өтемді көрсететін сомада бағаланған кезде мойындалады.

Қор жұмыстарды орындау бойынша міндеттемені орындау дәрежесін бағалау үшін ресурстар әдісін қолданумен кезең ішінде орындалған жұмыстарға қатысты түсімді мойындайды, себебі сатып алушы бір уақытта Қор ұсынатын пайданы алады және тұтынады.

***Комиссиялық сыйақы***
Комиссиялық сыйақы түріндегі кірісті Қор ай сайын мойындайды және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша артық есептелген (төленген) аударымдарды және Қорға басқа түсімдерді шегерумен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша алынған аударымдардың жалпы сомасын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдарды уақытында емес аудару үшін өсімақыны, ай үшін инвестициялық кірісті жыл сайын Үкімет белгілейтін шекті мөлшерлемеге көбейту әдісімен есептеледі.

Қор өз қалауы бойынша шекті мәннен төмен мөлшерлемені қолдануға құқылы.

2021 жылы ҚР Үкіметі белгілеген шекті мөлшерлеме 1,17% аспайтын мәнді құрады. 2021 жылдың қараша айында комиссиялық сыйақының нақты мөлшерлемесі 0,96% дейін азайтылды.

2020 жылы қаңтардан бастап маусымға дейін Қор белгілеген нақты мөлшерлеме 1,47% құрады. 2020 жылдың шілде айында комиссиялық сыйақының нақты мөлшерлемесі 1,19% дейін азайтылды.

***Мемлекеттік тапсырманы орындау үшін алынған қаражат***
Мемлекеттік тапсырманы орындау үшін алынған қаражат түріндегі кірісті Қор тоқсан сайын мойындайды және жұмыстарды орындау бойынша міндеттеменің орындалу дәрежесін бағалаудың ресурстық әдісін пайдалана отырып, сомада бағаланады.

Қорға жүктелген функцияларды орындау шеңберінде Қор «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын іске асыру бойынша қызметтерді көрсетеді.

Қордың қызмет көрсету шарттары маңызды қаржыландыру құрамдас бөлігін қамтымайды, өйткені орындау міндеттемесінің орындалған уақыты мен төлем уақыты арасында айтарлықтай уақыт айырмашылығы жоқ, сондай-ақ қолма-қол ақшамен дереу төлеу кезінде мәміле бағасы мен мұндай қызметтердің бағасы арасында айырмашылық жоқ.

### 3.14 Шығындар

Шығындар ақша қаражаттары немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан, туындаған сәттен бастап есепке алынады және есептеу әдісі бойынша олар жататын кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

***Комиссиялық шығындар***

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша жинақталған алынған аударымдар мен жарналарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдар мен жарналарды уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлдарды, инвестициялық кірістерді қамтитын Қордың активтері Қордың активтерін сенімді басқару Шартына (бұдан былай – «Шарт») сәйкес ҚР Ұлттық Банкінің (бұдан былай – «Ұлттық Банк») сенімгерлік басқаруына берілді. Шартқа сәйкес Ұлттық Банк Қор қаражатын басқарады. Шартқа сәйкес Ұлттық Банк бекітілген инвестициялық стратегия шеңберінде Қор активтерін инвестициялау, бағалы қағаздарды және екіншілік қаржылық құралдарды сатып алу немесе сату мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Қызметтерді көрсеткен кезде Ұлттық Банк Қорға Қордың Инвестициялық стратегиясына және Шартқа сәйкес жасалған мәмілелер бойынша кірісті алуға немесе шығындардың болмауына кепілдік бермейді. Ұлттық Банк Қор активтерін инвестициялауға, соның ішінде үшінші тұлғалардың міндеттемелерін орындамауға немесе таратуға байланысты қандай да бір шығындар және алынбаған кірістер үшін жауапкершілік артпайды.

Шартқа сәйкес Ұлттық Банк кастодиандардың, депозитарийлердің, сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызмет төлемдерінен тұратын сенімді басқару бойынша қызметтермен қамтамасыз ету үшін, төлемдерді жүргізу шығындары, сонымен қатар сенімді басқару кезінде туындауы мүмкін басқа шығыстар үшін жауапкершілікті артады. Комиссиялық сыйақы мөлшері Ұлттық Банктің қолданыстағы тарифтік мөлшерлемелері негізінде есептелетін ай сайынғы комиссиялық төлемдерден және Шарт бойынша қызметтерді көрсеткен кезде Ұлттық Банкке нақты келген қызметтер өтемінен тұрады.

Ұлттық Банктің активтерді сенімгерлік басқаруға байланысты шығыстарына мыналар жатады:

Кастодиандардың, орталық депозитарийдің, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қызметтеріне ақы төлеу;

Активтерді сенімгерлік басқаруға байланысты төлемдерді жүзеге асыру бойынша шығыстар;

Қажет болған жағдайда және Қормен келісілген қаржы құралдарын бағалауға байланысты басқа да шығыстар.

### 3.15 Өзара есепке алу

Өзара есеп айырысу операциялары ақшалай емес есептеу нәтижесінде алынған немесе жеткізілген активтердің әділ құнын есептеу негізінде мойындалады. Өзара есеп айырысуды жүргізу мүмкіндігі шарттарда негізделген.

Ақшалай емес операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен алынып тасталған. Сондықтан инвестициялық, қаржылық операциялар және операциялық қызметі нәтижесі нақты ақша операцияларынан тұрады.

### 3.16 Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер қаржылық есептілікте көрсетілмейді, бірақ экономикалық пайданың ықтимал түсуі болған кезде қаржылық есептілікте ашылады.

Шартты міндеттемелер, егер экономикалық пайданы алумен бірге жүретін ресурстардың шығу ықтималдығы төмен болса, қаржылық есептілікте көрсетіледі.

### 3.17 Байланысты тараптармен операциялар

